

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ
МИНИСТРИЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
КОМИТЕТИНІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
ДЕПАРТАМЕНТІ»
республикалық мемлекеттік мекемесі



Республиканское государственное учреждение
«ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
ДОХОДОВ ПО ГОРОДУ ШЫМКЕНТ
КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

20.05.2021 ж.

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 164

город Шымкент

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабын жүзеге асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

- Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті қызметкерлерінің (бұдан әрі – Департамент) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер стандарттары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер стандарттары Департамент қызметкерлерінің назарына жеткізілсін және қатаң түрде сақталсын.
- Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Н.Көшеров



0002218

Шымкент қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің 2021 жылғы
« » мамырдағы №
бұйрығымен бекітілген

**Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті
қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер
стандарттары**

1. Жалпы ережелер

1. Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер стандарттары (*әрі қарай – Сыйбайлас-жемқорлыққа қарсы стандарттар*) Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»» Заңының 10-бабына сәйкес құрастырылған:

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар салық және кеден саласы үшін сыйбайлас-жемқорлықтың алдын алуға бағытталған нұсқаулар жүйесін белгілеуге бағытталған.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды құрастырудың мақсаттары:

1) салық және кеден салаларында қызмет атқаратын тұлғаларда сыйбайлас-жемқорлыққа төзбестік ахуал қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлықты уақытының анықтау және олардың керіс әсерлерін болдырмау болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардардың қағидаттары келесідей болып табылады:

1) занылыш;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұddeлдерін сақтау және оларды сыйбайлас жемқорлық іс-қимылдардан қорғау;

5) мұddeлдер жанжалына жол бермеу.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар салық және кеден саласында қызмет атқаратын тұлғалардың бекітілген ережелерді қатаң сақтау және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану іс-әрекеттерін және шешімдерін анықтайды.

2. Салық және кеден саласында қызмет атқаратын тұлғалардың мінез-құлықтарының (іс әрекеттерінің) ережелері

2.1. Жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұddeлдерін жүзеге асыруда:

1) Қазақстан халқының біртұастығы мен елдегі ұлтаралық ынтымақтың нығайтуына мүмкіндік туғызу, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлерін құрметтеу;

2) қабылдайтын шешімдердің зандылығы мен әділеттігін қамтамасыз ету;

3) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4) өзінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынауға себеп бермеу, сынау үшін қудалауды болдырмау, кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

5) қызмет бабын мемлекеттік органдардың, мекмелердің, мемелкеттік қызметшілердің және басқа тұлғалардың іс әрекетіне жеке сипатты мәселелерді шешкенде әсер ету мақсатта пайдаланбау;

6) шындыққа жатпайтын мәліметтерді жарияламау;

7) тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылған теріс қылыштар мен басқа құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеу;

8) басқа мемлекеттік оғандардың, мекемелердің және кәсіпкерлік объектілерінің қызметтеріне заңсыз араласуға жол бермеу.

2.2. Өзінің құзыреті шегінде басқарушылық немесе басқа шешімдер дайындау мен қабылдауда:

1) тікелей басшысына туындаған мүдделердің жанжалы туралы, қызметтік міндеттерін орныдауда жеке мүдделілік туралы, сыйбайлас жемқорлық іс-қимылға және сыйлық алуға көндіру туралы хабарлау;

2) қызметтік міндеттерін орындағанда жеке және пайдакорлық мүдделдерді басшылыққа алмау;

3) әділ қызметтік шешім қабылдауына әсер ете алатын қарым-қатынастырыдың бекітілген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестерге және басшылыққа жүгінуден тартыну;

4) басқа тұлғаларды сыйбайлас жемқорлық әрекеттерді жасауға тұртқілемеу және ол үшін көтермелемеу;

5) лауазымдық өкілеттіктерін пайдаланып мұліктік пайда, игіліктерді немесе басымдылық алу үшін әріптестеріне, басшыларына және басқа лауазымдық тұлғаларға сыйлықтар бермеу және жұмыстан тыс қызметтер көрсетпеу;

6) лауазымдық өкілеттіктерін орындаумен байланысты сыйлықтарды қабыл алмау;

7) мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен басымдылықтарды алу мақсатында жариялануға жатпайтын қызметтік және басқа ақпаратты пайдаланбау;

8) сыйбайлас жемқорлықпен күресуде, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенделік көрсету;

9) басшылыққа сыйбайлас жемқорлықтың белгілі болған деректер туралы дереу хабарлау;

11) орындауға алған өкімнің зандылығы бойынша күмән туса, тікелей басшыға жазбаша түрде хабардар ету;

12) жоғары тұрган басшылыққа жүгіну, егер тікелей басшының өзі мүдделер жанжалына тартылған болса;

13) құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс әрекеттердің мәдениетін сақтау және әріптестерден оны талап ету;

14) үнемі негізде мүдделер жанжалының, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және олардың салдарының пайда болу мүмкін себептерін және жағдайларын жою бойынша шаралар қолдану;

15) үшінші тұлғалардың мұдделеріне өкілдік етуден немесе олардың атынан әрекет жасаудан тартыну.

2.3. Халыққа (салықтөлеушілерге) мемлекеттік қызметтер көрсеткенде:

1) мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын жоғарылату бойынша тұрақты түрде шаралар қолдану;

2) мемлекеттік қызметтер, лицензиялар және басқа рұқсат ететін құжаттарды алуға өтініштерді қарастырғанда созбаландыққа жол бермей, оларды белгіленген мерзімде табыс ету;

3) мемлекеттік қызметтер, лицензиялар және басқа рұқсат ететін құжаттарды алуға өтініш бергендермен қызметтен тыс қарым-қатынастарға түспеу;

4) сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа түрткіленген жағдайда басшылыққа хабарлау;

5) мемлекеттік қызметтер, лицензиялар және басқа рұқсат ететін құжаттарды алу үшін қажет тізімдемеге жатпайтын қосымша құжаттарды талап етпеу және сұраныс жасамау;

6) қызмет алушылардан ақпараттық жүйелер арқылы алуға болатын құжаттарды талап етпеу;

7) ақпараттық жүйелерге (олар болған жағдайда) мемлекеттік қызметтер көрсету туралы қарастырылатын өтініштер туралы мәліметтерді және олардың қарастырылу мәртебесі жөнінде ақпараттарды уақытылы енгізу;

2.4. Мемлекеттік кірістер органдарының құзыреті шегінде салықтөлеушілерді тексергенде:

1) тексеру субъектілерінің қорғалатын құқықтары мен заңды мұдделерін бұзуға жол бермеу;

2) жеке мұдделер мен үшінші тұлғалардың мұдделері үшін тексерулерге бастамашылық жасауға жол бермеу;

3) тексерілетін субъектілереге заңсыз талаптар қоймау, тексерудің тақырыбына жатпайтын өтініштермен жүргінуге болмайды;

4) тексерілетін субъектіге тексеру жүргізу кезінде оның мәніне жататын қажет ақпаратты ұсыну;

5) жеке және пайдакорлық мұдделерде кәсіпкерлік қызметтің субъектілеріне қолдау көрсетпеу;

6) тексерулер жүргізгенде кәсіпкерліктің тексерілетін субъектілерінен тексерудің мәніне жатпайтын құжаттарды талап етпеу;

7) кәсіпкерліктің субъектісінің рұқсатынсыз қызметтік міндеттерін орындау кезде мәлім болған коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты жариялау және (немесе) пайдалануды болдырмау, Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен жағдайлардан басқа.

2.5. Қызмет ерекшелігіне байланысты басқа да қатынастарда:

1) кадрларды іріктеу кезде туыстық, жерлестік және жеке қалау белгілері бойынша тағайындауды болдырмау, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) лауазымы бағынышты тұлғалардың қызметтік өкілеттіктерінің мақсаттары мен көлемін нақты және анық анықтау;

3) бағынышты лауазымдық тұлғалар арасында еңбек жүктемесінің ауытқымалы үлестірілуіне жол бермеу;

- 4) олардың қызметтерінің нәтижелерін бағалағанда, сонымен қатар көтермелей және жазалау шараларын қолданғанда әділеттік пен әділдік көрсету;
- 5) нақты орындалуға мүмкін болмайтын немесе лауазымдық міндеттердің шегінен тыс шығатын, сонымен қатар заңға қайшы келетін бұйрықтар шыгармау, тапсырмалар бермеу;
- 6) қызмет бабынан тыс мәселелерді шешу кезде бағынышты қызметкерлердің әрекеттеріне жүгінбеу және ықпал жасамау;
- 7) бағынышты қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға мәжбүрлемеу;
- 8) бағынышты қызметкерлер мен басқа лауазымды тұлғалардың тарапынан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу деректерін болдырмау және жол бермеу;
- 9) қызметтік міндеттерін орындау барысында әріптестер арасында туындаған мудделер жанжалын реттеу бойынша жеткілікті шаралар қолдану;
- 10) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жеткілікті шараларды қолдану;
- 11) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзылуышықтарға жол берген себеп және жағдайларды жою, оның ішінде бағынышты қызметкерлерді қоса алғанда;
- 12) ақшалай немесе басқа мұліктік сипатты құмар ойындарға жоғары немесе төмен тұрған, немесе қызмет бойынша бағынышты лауазымдық тұлғамен қатыспау;
- 13) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға басқаларды, оның ішінде бағынышты қызметкерлерді де тартуға жол бермеу.

